قازاق

1913-1918 ж.ж.
№1-265



ҚАЗАҚ

№7-8 (573-574)
17-24 ақпан,
жұма, 2012 жыл.

1918 жылы жабылып
калған قازاق — «ҚАЗАҚ» газеті
арада 88 жыл салып 2006 жылдың
22 наурызынан бұрынғы басылымның
заңды жалғасы ретінде №266
санынан қайта жарық көрді
Шығарушы Қоғабай Сарсекеев

Газет 1913 жылдың 2 ақпанынан шыға бастады ● ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ГАЗЕТ ● E-mail: kazakh_2006@mail.ru

ТАҒДЫР мен АДАМ

Жанат Елшібек – қаламы баспасөзде төселген кәнігі журналистердің бірі. Өмірді көп зерттеп, оның сырына қаныға, жазуға төселе келе журналистердің көбі үлкен әдебиетке ауысатын әдеті. Журналистік қызмет оларға өмірдің құбылыстарын жіті танып, тіршіліктің мән-мағынасын ұғынуға, көркемдік сырын түсінуге, адам мінезі мен құлқын, оның өмірдегі орнын байымдауға көмектеседі. Қаламын қалыптастырады. Сөз сырын аңдауға, үнемділікке, аз сөзге көп мағына сыйғызуға үйретеді. Үлкен жазушылардың көбі-ақ осы мектептен өткен. Сондықтан да, олар жас жазушыларға баспасөз мектебінен өтуге кеңес берген.

«Егемен Қазақстанның» үлкен мектебін өтіп, газет-журнал беттеріндегі мақалаларымен қатар, бірсыпыра журналистік кітаптар жариялаған Жанаттың үлкен әдебиетке жасаған қадамы да осы тұрғыдан қызықты. Оның «Тағдыр желі» атты жаңа басылған кітабы («Атамұра», 2011) осыны аңдатады. Оған автордың хикаялары мен әңгімелері кіріпті.

Бұл кітапты мен қызығып оқыдым. Онда айғайлатып ат қойып, тақырыбын саудалап, қоғамдық-саяси мазмұнға құрылатын әдебиеттің ізі де жоқ екен. Керісінше, жазушы ауыл адамдарының карапайым тіршілігін зерттеп, шағын сюжеттік желі арқылы олардың ішкі сырын, талғам-түсінігін, мінез-құлқын, адамдық кейпін даралай суреттеуге ұмтылады. Сол өмір сабағын шығарма аяғында азаматтық, ұлттық идеяға апарып тірейді. Оны жас ұрпаққа үлгі етеді.

Жанат туындылары құрылымы жағынан ұзақ әңгімеленіп, баяндау жолымен дамымайды. Ол нақты бір елеусіздеу оқиға төңірегінде адамдар тағдыры мен көзқарасын, ұғымын танып бейнелейтін көркем суреттерді мол пайдаланады. Солардың негізінде тағдыр тәлкегіне көп ұшыраған, өмірінде көнбістікті көп көрген халықтың сабырлы мінезін, қайсарлығын, өмір сүргіш рухын, ел, туған жермен байланысты сезімдерін, ұлттық әдет-ғұрпты баса суреттейді.

Мұны біз, ең алдымен, жинақты ашатын «Балықтың қылтаны» атты хикаядан көреміз. Мұндағы оқиға далада мал бағып жүрген қойшы Құдайбергенге немересінің келіп, үйге қасында екі адамы бар, бұрын білмейтін дәу кемпір (Дәу-апа) келгенін хабарлаумен басталады. Таныс емес қонақ Құдайбергенге өзін «Меңзипа деген апаң боламын» деп таныстырады. Баяғы отызыншы жылдардың аштығы кезінде әке-шешесі мен бауыры Өмірзақ өліп, тоғыз жасар жетім қыз тентіреп жүріп, талай өткелектен өтіпті. Ақыры Жезқазған, Қарсақбай жақтан шығып, тұрмыс құрған, өмір бойы туған жерін ұмытпай еске алып, әке-шеше, бауырының басын іздеп табуды арман қылыпты. Бірақ тіршілік қамынан шыға алмапты. Оның үстіне көзі көрмей қалыпты. Алайда көңілі сара, арманы үлкен адам алғаш бетінен қайтпай, ендігі кезде жағдайының бұдан жақсармайтынын сезіп, қайсарлықпен немересін ертіп жолға шыққан екен. Ол Құдайбергенге ата-анасының, інісінің қойылған жерін, ауылдарының сол кездегі мекенін оймен саралап жеткізеді. Бірақ ол айтқан «Үш бейіт» деген жерді Құдайберген де, ол іздеп барып сұрастырған Мұқанғали қария да білмей шығады. Көпті көрген Мұқанғали Меңзипаны өлдіге санап жүреді екен, хабарын естіп қуанып қалады. Ақыры олар ескі жұртты аралап жүріп «Үш бейітті» табады. Қорымның айналасын адам, мал аяғы баспайтындай етіп қоршап тазалайды, бастарына белгі қояды. Аруақтарға құран оқып, көңіліне алған ісін тындырған Дәуапаны бауырлары риза көңілмен шығарып салады.

Осы бір шағын сюжеттің негізінде Құдайбергеннің де, Дәуапаның да адамдық қалпы, мінез-құлқы, еліне, Отанына деген ыстық сезімі, туған жерге кіндігінен байланған, одан ажырамастай, ажыраған күнде ойынан кетпейтін көңіл ансары, аруақ алдындағы парызын сезінуі өзгеше бір жылылықпен суреттеледі. Нанымды, бейнелі суретпен табиғат пен адамның ара қатынасын ашарлық шынайы шындық күйінде алға тартылады.

Негізгі кейіпкерлердің тұлғалық бейнесін ашуда олардың осы оқиға тұсындағы ішкі сезім иірімдерін танып суреттеуге үлкен орын берілген. Қартайған шағында болса да, бұрын іске асыра алмай жүрген шаруасын тындырған Дәуапаның туған жермен рухани байланысы әдемі ашылады. Жазушы аулынан алыстап кеткен қыздың ес жиып өмір тануын сабақтай отырып, оның Балқашын, Қараталын, «Сегізінші мартын» (өздері тұрған ауыл осылай аталыпты) үнемі сағынып жүретінін, ел есіне түссе, көз алдында өмірден озған әке-шешесі мен бауыры қоса елестейтінін жылы сезіммен әңгімелейді. Тіпті ауыл болып таба алмаған «Үш бейітті» Меңзипаның табуы да қызық. Мұқанғали ақсақал меңзеген Қарасудың жағасын Дәуапа да жобалайды. Оның зеректігіне таң қаласыз. Қарасуды жағалап келіп тоқтаған Құдайбергенге апасы көзі көрмесе де, шығыска карай бетін бұрғызып тұрып алып, былай дейді: «Ендеше құлағынды түргейсің, Құдаш! Тура мандай тұсым – Мақаштың қыстауы, оңтүстік шығыска таман сәл қиястау жерде «Сегізінші марттың» орталығы саналатын қораштау екі көше... Осы тұрғанымда оң жағымда, қозыкөш жерде Ержанның тамы, ал сол жағымда Бәйсейіт құмы, одан беріректе ортада үлкен Қарасудан қашқан «Жайылма» көлі... Батыста Жыланды тауы, артымызда «Батырбекпен» жапсарлас Сарытолағай жайлауы жатыр емес пе? Ал, менің дәл осы қалпымнан қарасақ, құлақ шеке тұсымда біздің үйдің орны мен іргелес Рақымжан қойшының қыстауы болуы керек. Арасын қарасу бөледі. Сосын-сосын, жаңылмасам, теңізге бүйірлей, қалың қамыс қолтығында Байзақ сиыршы отыратын. Ұмытпасам, оның тетелес екі қарындасы да аштан өлді-ау деймін. Олардың қабірлері де осы үлкен карасудың о жақ, бұ жағында...

– Апатайым-ау, неткен қағылез жан едіңіз! Айтқандарыңыздың бәрі айна-қатесіз! – өзін-өзі ұстай алмаған Құдайберген қаққан қазықтай сілейіп, не ілгері, не кейін жылжымай тұрып қалған Меңзипа шешейді айғайлап құшақтайды... Кәні, алға басыңызшы! Зарығып іздеген, құрақ ұшып жеткен аяулыларың – анаң мен әкең, сүйікті бауырың үш төмпешік болып қарсы алдыңда жатыр. Міне, мұнда, әкелші қолыңды... Топырағын сипашы, алақаныңмен аялашы...»

Осылай үш бейітпен әруақтардың кейінгі жұрағаттары азан-казан болып табысады. «Жаным анашым, күнім көкешім, Өмірбегім менің» деп Меңзипа зарлап, өзінің оларды өмір бойы іздегенін айтады, кешігіп жеткеніне кешірім сұрайды. «Әжетайым, жыламашы» деп оны немересі жұбатады. Ізі жоқ әке-шеше басын тауып, Қобайдың да көңілі босайды. Қастарындағы адамдар басу айтып, дұға жасайды. Олар өлі аруақты іздетпеген заман ауыртпашылығын еске алады. Бүгінгі тәуелсіздікке риза көңілін білдіреді. Осы әңгімені автор Меңзипаның естеліктері, аштық әңгімелері мен туған жер табиғатына елжіреп, сезіне қараған көңіл күйімен толықтырады.

«Үш бейітті» іздеу жолында Меңзипа мен Құдайберген басқа аруақтарды еске алады. Ұзын жолдың бойында жатса да, ешкім мойын бұрмайтын Аркабай әулие мен Тілеуғұл батырдың басына ел болып, белгі орнатып ас береді. Қаратал бойында жатқан Мықтыбек, Бақай сияқты батырлар, Ақтұз әулие, әкелі-балалы Жәлменде би мен Пышан ақын бейіттері табылады. Балалар Сарыесік атырабында өткен белгілі адамдарды іздеп тауып, олардың өмірбаянын, өлкенің тарихын зерттеуді қолға алады. «Үш бейітті» іздеп таба алмай келген Құдайбергеннің түсіне Садуақас нағашысының кіріп жол сілтеуі де аруаққа сенген казақтың психологиясын бейнелейді.

Осы оқиғалар легі тәуелсіздік заманында қазақтың ұлттық дәстүрлері жаңарып, халықтың өз салты мен тарихын өзі іздей бастағанын көрсетеді. Сөйтіп хикаяның негізгі тақырыбы ұлттық дәстүр, аруақ сыйлау, ел, жер сүю болып шығады. Бұл – есті ер-азаматтардың ұлттық санаұғымын жаңартса, болашақ жастар үшін мектеп екенін ұғасың. Қазақтың «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген мәтелінің мазмұнын түсінесің.

Құдайберген бейнесі бүгінгі ауыл өмірімен тікелей байланысты берілген. Ауылда мал ішінде өскен ол совхоз тарағанда жеке шаруашылық құрып, азын-аулақ малмен күнкөріске көшкен. Үлкен байлығы болмаса да, сол шағын шаруашылығымен күн көріп отырған жайы бар. Ауыл арасындағы жол қатынасының қиындығы, бензин тапшылығы шаруашылыққа қолбайлау болып отырғаны Құдайбергеннің «Үш бейітті» іздеуі кезінде анық байқалады.

Дала табиғаты, оның көріністері, адамның оны түсінуі мен танымы үнемі жазушы назарында отырады. Ол адам ісін, сезімін, ой-талабын табиғат суреттерімен астастыра суреттеуге шебер. Табиғат көріністерін бейнелеп тануы, жайшылықта көзге іліне бермейтін құбылыстарды аңдауы жағынан да байқағыштығын көрсетеді. Бүкіл хикая бойынан Балқаш көлі жағалауы мен оған құятын Қаратал өзені табиғатының жаркын жасалған суреттерін тануға әбден болады. Сонымен жалғастыра отырып, жазушы дала көріністеріндегі өзгерістерді, экологияның апатты жағдайларын да сөз етеді.

«Жер де, жол да мүлде тозып кетіпті, – дейді тыныштықты бұзған Құдайберген қос қолын рульден босатпаған күйі. – Апа, біз қазір тура Нұрақбайдың бауырындағы Қарабие көлін жағалап келеміз. Сол жақта кіші Аккөм мен үлкен Аккөм қалып барады. Алдымызда Ахмет атаның жайлауы. Сәл әріректе Мұқанның көлі мен Қызтекенің көлі. Одан соң Балықты мен Шағалалы көлдерін кесіп өтеміз. Заманында бұл жерлерде жағасы жасыл желек көмкерген, үйрек-қазы жыртылып айрылған көздің аясындай жәудір көлдер шалқып жатты дегенге кім сенеді? Сұлу табиғат та ажарынан айрылып өледі екен-ау» (34-35-б.).

– Бір кезде Арал дедік, полигон дедік. Оған улы заттар мен газды түтіндер шығаратын зауыт-фабрика да қосылды. Енді, міне, тұз бен сорға айналған әсем табиғатымыздың жантүршігерлік түрін қараңызшы. Адам аярлық-ақ, – деп бала Қадыржан да сөз қосады.

Кезінде Балқаш жағасында өскен нар қамыстардың құрылыс материалдарына айналып жойылып кеткенін, көл жағасы жаланаштанып қалғаны да сөз болады.

– Қарағым, Құдаш! – дейді көзі көрмейтін Меңзипа апа. – Айтысына қарағанда, осы өңірде шалқып жататын телегей-теңіз сулардың дені суалып, қансып қалғанға ұқсайды. Ерте көктемде аттылы кісінің өзіне өткел бермей, жер-көкті шайып кетер енепат таскынның болмағаны-ау, шамасы. Су кеткен соң бәрі де кетеді.

Хикаяның атында да символдық мән бар. Балықтың қылтаны Өмірзақтың тамағына тұрып қалып, өліміне себепкер болған өмірдің бөгеті ғана емес, адам бойын жаздырмай, бірін-бірі іздеуге жол бермеген, ата дәстүрінен айырған тар заманның да бейнесін елестетеді.

Жанаттың басқа хикаялары мен әңгімелері де осы сияқты қарапайым өмір суреттері мен адамның дара мінез-құлқына толы. Бәрі де ата-мекен, көне жұртты паналап, аруақ орнын қимай өмір сүреді. Заманның жаңарып, ескі ауыл іргесінің сөгілгенін парықтай бермейді. Кеңес дәуірінің соңғы кезінде-ақ үкімет колхоз, совхозларды ірілендіріп, шағын мекендерді азайта бастаған. Нарықтық экономикада бұл одан да терендей түсті. Жастар іріленген ауыл орталықтарына, аудан мен қалаларға көшті. Ескі жұртта азын-аулақ кемпір-шалдар қалған. «Жетім жұрт» хикаясында бір ауылдың жұртында қалған Торғын кемпір мен Отарбай шалдың характерлері осы шындықпен байланыстыра ашылады. Олар өзі отырған мекеннің қасиетті топырағын қимайтын мінезін «Құс – екеш құс та өзі өскен ортасын қимайды» деумен дәлелдеуге тырысады. Қаладағы балаларына бара қалса, аз күн болып, ауылын сағынып қайтады. Балаларын, кішкентайларын ауылға шақырады. Бір мезгіл ақ ішіп... қауын-қарбыз жеп... дегендей. «Жылына бір мезгіл туған ауылдың ауасын жұтпаған соң адам өзі аурушаң болады». «Ауылдың көкөнісі, өз топырағымызда өскен қауынға не жетсін», т.б. ұғымдар санасына сіңген. Екі ауыл орнында екі үй қалған Отарбай мен Торғын біріне бірі кездескеніне мәз. Анасын жалғызсыратпайын деп қызы Рахиланың көшіп келуі тіпті тойға айналады. Оның балалары Торғын қолындағы немерелерге қосылып, үй шуға толады. "Ауылға келіп-кетушілер көбейеді. Бірақ өмір алға жылжуда. Ескі жұрттың күзетшісі Торғын машина соғысуынан қайтыс болып жұрт жетім қалады".

«Қош бол, теңіз» хикаятында да теңіз жағасының ескі тіршілігін қызықты санаған елдің психологиясы басым көрінеді. Оған аудан басшысы Әбікенге еріп барған баласы Мәлік пен қаладан келген журналистің көзі жетеді. Мәлік теңіз өмірінен қызықты суреттер салса, журналист Хасен Балқаш балықшылары еңбегімен танысады. Жағалаудың адамдары да қайратты, еңбекші. Хикаяда сол ортаның барлық сырын білетін шежіре карт Макан, балық колхозының бастығы Төлеукасым, аудан басшысы Әбікен сияқты еңбек адамдарының жан-жақты бейнесі жасалған. Теңіз романтикасы жастарды да еліктіреді. Олар да өмір танып, «теңіз толқынында нық тұруға» үйренеді. «Теңіз жүрексіздер мен жігерсіздерді сүймейтініне», «Дауыл өтінде, толқын төсінде шыңдалмаған адамның теңізші бола алмайтынына» көз жеткізеді. Бірақ сол теңіз күзетшілері бүтін азайып бара жатыр. Макан карттың өлімі осыны аңдатады.

Бұл хикаяттарда да халықтың әдет-ғұрпы, дәстүріне, ауылдың экологиялық жағдайын суреттеуге кең орын берілген. Олар әркілы планда көрінеді. Аулына келген Отарбай аксакалдың атын-мініп шыққан Саяттың «бойымен бірге ойы да өсіп шыға келгендей». Ол жол үстінде құлаған, кираған үйлердің орнын «тамашалайды». Үй иелерін есіне түсіреді. Жазушы бәрін санамалап, үнірейген қоркынышты суреттермен әдіптейді. Баланың есіне «Жуасы мен жусаны бұрқырған аулы» әні түседі. Кәдімгідей көңілі босайды. «Егер біз де қалаға мүлдем көшіп кетсек, иесіз үйіміз қаңырап қалады екен ғой. Үймен бірге ауызғы бөлмедегі карлығашымның ұясы да быт-шыт бола ма» деп ойлайды ол (59-б.).

Торғын кемпір ата жұртты күзетіп отырғанына мәз. «Қайнаганын құтты мешіті ғой. Қашан еді өзі? Осы табалдырықты келін болып аттаған күнімді неге ұмытайын! Бәрі-бәрі есімде. Алтыбакан басындағы ән-жыр да тура кешегідей. құлағымнын түбінде жаңғырады-ау! Қарашы, енді, міне, жер де тозған, ел де тозған. Тозғаны емей немене, анау-у тұста терең өзек ағып жататын жаз бойы талай сырды ішіне бүгіп алып... Қалың құм басып тастаған бұл жерде жасыл желек жамылып. көк құрак сыбдыр қағып тұрушы еді дегеніме мына Саятым сенер ме екен!» – дейді ол бүгінгі жер сұркына көңілі толмай (55-б.).

Газ-69 машинасымен теңізге карай жолға шыккан жолаушылар (Әбікен, Мәлік, журналист) көзімен де жазушы даланын, жолдың тозғанын дәлелдей суреттейді. «Жаңбыр ансаған дала төсі ақтандак соры шығып, тілім-тілім жарылып кеткен. Мезгілсіз сарғайған сыр суреті де сүренсіздеу. Қаулаған саран, қалтаған баялыш пен ак теріскен. Құмның тырбиған қызыл жыңғылы мен қоңыраулы сылдырмак таккан кара шеңгелі жолдын біресе о жағына, біресе бұ жағына ауысады. Бойларын көтере алмай бұйрат-бұйраттын бауырын тасалаған бәкене сексеуілдер... Әлсін-әлсін ұшырасып калар шок-шок шашакты ши мен күрдек бас мия ғана шағыл құмға өзінше рен бергендей» (127-б.).

Жолаушылардың құм қойнауынан шығып, Қараталға бет түзегенінен кейін дала табиғатының ажарлана бергенін де жазушы суреткерлікпен аша білген.

«Жазылмаған жара» хикаясы ел бойындағы кешегі соғыс салған жараның әлі де жазылып болмағанын суреттейді. Оның негізгі кейіпкері – соғыстан бір аяк, бір қолынан айрылып келіп елде қайтыс болған шалынын орнын күзетіп, әскерден қайтпай хабарсыз кеткен Әли атты баласын күтіп отырған Жамал кемпір. Бір үйде жалғыз, үйі де, өзі де тозған. Кейде от жагуга да шамасы келмей жатып қалады. Көп адамдардың оны көрмегелі де қашан! Осындай күйде жаткан ананы мектептің ауылға көмектесіп жүрген ересек балалары Дана мен Сандуғаш іздеп табады. Олар әжесін тұрғызып, үйіне от жағады, тамак әкеп көмектеседі. Кейін «Алау» тобының мүшелері Әлиді іздеп табады. Оның соңғы хаты аркылы Смоленск маңында соғысканын біліп, сол жердің «қызыл ізшілеріне» хат жазады. Смоленск оқушылары бір солдаттың кабірінен гильзаға салынған хатты іздеп тауып, онын авторы Әли екенін анықтайды. Ол Смоленскіні корғаушылардың катарынан орын алады. Олардың шакыруымен Жамал әжей баласынын басына барып кайтады. Алыс жолдан төбесі көкке екі-ак елі жетпей кайткан карт ана жиған-тергенін шашып той жасайды да, кешікпей өзі де өмірден өтеді. Хикая соғыс салған жараның адамдар бойында әлі де өтіп болмағанын, соғыс ардагерлеріне камкорлыктын кажеттігіне назар аударады. Бұл хикаяда да ауыл адамдарынын өмірі жаңды елестейді.

Жанат әңгімелері де әдеттегі эпикалық туындылар үлгісіне ұқсамайды. Олардын журналистін каламынан шыкканы байкалып тұрады. Эпизодтык оқиғаларға құрылған әңгімелерде адамнын мінез-құлкын, психологиясын танытарлык. өмірдін өзінен ойып алған суреттер мол. Кейбірінде очерктер мен эсселердін де белгілері бар. «Ауылдағы дос», «Бір күн, бір түн» әңгімелерінде жазғы демалыста ауылдағы атасы мен әжесіне барған балалардын ісі, қылығы. психологиясы жаксы ашылады. Өз құрбыларымен танысып, достаскан кала мен ауыл балаларынын бірін-бірі шын дос санаған ак көңілі, хат жазысуы, жазғы демалысты бос өткізбей, ауылда шөп шабуға катысуы, біртіндеп еңбекке кызығуы, дала табиғатын сүюге үйренуі де тартымды суреттелген.

Жанаттын бұрынғы кітаптарында да көркем әдебиетке публицистиканы пайдалану, өмір проблемаларын кен көтеру. әдебиеттін танымдык сыпатын арттыру жолындағы ізденістер мол байкалатын. Ол жастар өміріне көп көңіл бөледі. Қанша дегенмен, өмір өз дегеніне көндіріп жатыр, ескі жұртты күзетіп калғандар азаюда, енді солардын орнын басарлык жастарды танып, оларды даланын табиғаты мен ауыл өміріне кызыктыру, ата дәстүрді сыйлауға үйрету онын негізгі такырыбы болып табылады. Ол тағдыр мен адам проблемасын козғайды. Ауыл жыршысы екенін танытқан жазушынын осы жолдағы ізденістеріне сәт тілейміз.

Серік ҚИРАБАЕВ,
ҰҒА академигі.